

## "Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 20 маусымдағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 маусымда № 28542 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 193 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10681 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 202-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 202-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қағидаларда мынадай үғымдар пайдаланылады:

1) даму жоспары – мемлекеттік кәсіпорынның, акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

2) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, (респубикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

3) мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, үйимдастыру және мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер жүктелген занды тұлға;

4) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын және Зандың және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мүлікке қатысты құқықтарды өзге мемлекеттік органдарға берген жағдайларда, осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы қағидалары осындай мемлекеттік органға қолданылады;

5) ұйымдар – мемлекеттік заңды тұлғалар (мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар) және мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (бұдан әрі – мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС);

6) іс-шаралар жоспары – ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің және ұлттық компанияның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындастырын құжат.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органдары даму жоспарының жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етеді.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Каржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2022 жылғы 20 маусымдағы

№ 47 Бұйрыкка  
1-қосымша

Мемлекеттік мұлікті  
басқару тиімділігін  
бағалау қағидаларына  
1-қосымша

## Өлшемшарттар мен көрсеткіштердің балдары

P/c №	Өлшемшарттың/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
	Қаржылық нәтижесі теріс үйымдардың санын азайту	
	Қаржылық нәтижесі теріс үйымдардың болмауы	2
	Болуы	0
1	Есепті жылдағы өзгерістер:	
	азаю жағына қарай	1
	ұлғаю жағына қарай немесе өзгерістерсіз	0
2	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің және мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) акцияларының мемлекеттік пакетіне (жарғылық капиталына қатысу үлестеріне) дивидендтердің (кірістің) бюджетке түсін қамтамасыз ету	
	Таза кірістің тиісті бөлігін және мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне (катысу үлестеріне) дивидендтерді бюджетке уақытылы және толық аудармаған үйымдардың болмауы	2
	Болуы	0
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	
3.1	Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі үекілді орган бекіткен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бұзу белгіленген мемлекеттік мекемелердің саны.	
	Бұзушылықтардың болмауы	2
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1
	Бұзушылықтардың болуы	0

	Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі үәкілдті орган бекіткен мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бұзу белгіленген үйымдардың саны.						
3.2	<table border="1"> <tr> <td>Бұзушылықтардың болмауы</td><td>2</td></tr> <tr> <td>Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі</td><td>1</td></tr> <tr> <td>Бұзушылықтардың болуы</td><td>0</td></tr> </table>	Бұзушылықтардың болмауы	2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1	Бұзушылықтардың болуы	0
Бұзушылықтардың болмауы	2						
Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1						
Бұзушылықтардың болуы	0						
	Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі үәкілдті орган бекіткен мемлекеттік органдарды телефон байланысымен және оғистік жиһазбен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бұзу белгіленген мемлекеттік мекемелердің саны.						
3.3	<table border="1"> <tr> <td>Бұзушылықтардың болмауы</td><td>2</td></tr> <tr> <td>Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі</td><td>1</td></tr> <tr> <td>Бұзушылықтардың болуы</td><td>0</td></tr> </table>	Бұзушылықтардың болмауы	2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1	Бұзушылықтардың болуы	0
Бұзушылықтардың болмауы	2						
Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1						
Бұзушылықтардың болуы	0						
3.4	<p>"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік катысу үлестерінің мөлшері қатысуышылдардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандагы № 145 қаулысы (бұдан әрі – № 145 қаулы) 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарын орналастыруға арналған алаңдар нормаларының бұзушылығы анықталған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны</p> <table border="1"> <tr> <td>Бұзушылықтардың болмауы</td><td>2</td></tr> <tr> <td>Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі</td><td>1</td></tr> <tr> <td>Бұзушылықтардың болуы</td><td>0</td></tr> </table>	Бұзушылықтардың болмауы	2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1	Бұзушылықтардың болуы	0
Бұзушылықтардың болмауы	2						
Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1						
Бұзушылықтардың болуы	0						
3.5	<p>№ 145 қаулының 1-4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерінен артық болуы анықталған мемлекеттік кәсіпорындар саны</p> <table border="1"> <tr> <td>Бұзушылықтардың болмауы</td><td>2</td></tr> <tr> <td>Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі</td><td>1</td></tr> <tr> <td>Бұзушылықтардың болуы</td><td>0</td></tr> </table>	Бұзушылықтардың болмауы	2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1	Бұзушылықтардың болуы	0
Бұзушылықтардың болмауы	2						
Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының есепті кезенде тексерулер жүргізбеуі	1						
Бұзушылықтардың болуы	0						
4	<p>Мемлекеттік занды тұлғалардың балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу</p> <table border="1"> <tr> <td>Балансында паспорттауды жүргізууді талап ететін объектілері бар мемлекеттік занды тұлғалардың болмауы</td><td>2</td></tr> </table>	Балансында паспорттауды жүргізууді талап ететін объектілері бар мемлекеттік занды тұлғалардың болмауы	2				
Балансында паспорттауды жүргізууді талап ететін объектілері бар мемлекеттік занды тұлғалардың болмауы	2						

	Болуы	0
5	Мемлекеттік мұлік тізіліміне мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ-ның (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы бойынша есептерін ұсыну	
	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны	
5.1	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауы	1
	Болуы	0
	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерін ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны	
5.2	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерін ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауы	1
	Болуы	0
	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
6	Барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген даму жоспарында сандық бағаланатын, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумактарды дамыту жоспарында) көрсетілген стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын түйінді көрсеткіштері айқындалған	2
	Бекітілген даму жоспарында сандық бағаланатын, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумактарды дамыту жоспарында) көрсетілген стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын түйінді көрсеткіштері айқындалмаган мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болуы	0
7	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) мемлекет каражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	

	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуін бағалау	
7.1	Барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) даму жоспарында көрсетілген түйінді көрсеткіштерді орындауды	2
	Даму жоспарында көрсетілген түйінді көрсеткіштерді орындаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болуы	0
7.2	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауды	2
	Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ-ның (ЖШС-нің) болуы	0

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2022 жылғы 20 маусымдағы

№ 47 Бұйрыққа  
2-қосымша

Мемлекеттік мұлікті  
басқару тиімділігін  
бағалау қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

## Бағалау парагы

---

(тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органдың не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының атауы)  
\_\_\_\_\_ (есепті кезең)

## Мемлекеттік мекемелерді басқару

P/c №	Өлшемшарттың/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс үйымдардың санын азайту	
2	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сактау	

2.1	Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сактау.	
2.2	Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобилдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сактау.	
2.3	Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды телефон байланысымен және оғистік жиһазбен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сактау.	
3	Мемлекеттік заңды тұлғалар балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу	
Жиыны:		

### Мемлекеттік кәсіпорындарды басқару

P/c №	Өлшемшарт/көрсеткіш атаяуы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Мемлекеттік кәсіпорындар таза кірісінің бір бөлігінің бюджетке түсін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сактау	
	"Акцияларының бакылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік катысу үлестерінің мөлшері катысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі	

3.1	серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 акпандығы № 145 қаулысы (бұдан әрі – № 145 қаулы) 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған аландар нормаларын сақтау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобилдердің тиістілік нормативтерін сақтау	
3.3	№ 145 қаулының 1-4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерін сақтау	
4	Мемлекеттік занды тұлғалар балансында бекітілген мұлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу	
5	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5.1	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
5.2	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
6	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
7	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
7.1	Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуі бағалау	
7.2	Мемлекеттік кәсіпорындардың каржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

**Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару**

P/c №	Олшемшарттың/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендердің бюджетке түсін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сактау	
3.1	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған аландар нормаларын сактау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобилдердің тиістілік нормативтерін сактау	
4	Мемлекеттік мұлік тізіліміне мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерін ұсыну	
4.1	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
4.2	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
6	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
6.1	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізууді бағалау	
6.2	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік қатысу үлестерін басқару**

--	--	--

P/c №	Олшемшарттың/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс үйымдардың санын азайту	
2	Жаупкершілігі шектеулі серіктестік мемлекеттік қатысу үлесіне таза кірістің бір бөлігінің бюджетке түсін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сактау	
3.1	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармакшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған аландар нормаларын сактау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармакшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобилдердің тиістілік нормативтерін сактау	
4	Мемлекеттік мұлік тізіліміне мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерін ұсыну	
4.1	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
4.2	Мемлекеттік мұлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
6	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
6.1	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізууді бағалау	
6.2	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК